

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 1412 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 429 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 530 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 56, 620-құжат; 2002 ж., N 6, 36-құжат; 2003 ж., N 34, 332-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Шөкеев - Астана қаласының әкімі, төрағаның

Өмірзақ Естайұлы орынбасары,

Дунаев - Қазақстан Республикасының Қаржы

Арман Ғалиасқарұлы министрі,

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасының Президенті

Болат Ғазизұлы Іс басқарушысының орынбасары;

аталған Комиссия құрамынан Е.А.Досаев, Т.М.Досмұханбетов шығарылсын.

2. Осы Жарлыққа қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев